

Атырау облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 21 маусымдағы № 330-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 4435 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 481-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 21.09.2020 № 481 -VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 9-бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес, VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті XXXII сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі айқындалсын:

ауылдық жерге жұмыс істеу үшін жіберілетін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бір жолғы төлем түрінде 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде әлеуметтік қолдау арқылы белгілеу.

2. Атырау облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілетін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетудің Қағидасы осы шешімінің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрайымына (Ә. Беккужиева) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Е. Сапаров
Ө. Зинуллин*

Атырау облыстық мәслихатының 2019

Атырау облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облысының ауылдық жерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы ауылдық жерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау шараларын қабылдау, сондай-ақ қаржыландыру және әлеуметтік қолдау көрсету шеңберінде төлемдер тәртібін айқындайды.

2. Негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – "Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

2) жұмыс беруші – медицина және фармацевтика қызметкерімен жеке еңбек шартын жасасқан тиісті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

3) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер (бұдан әрі-қызметкерлер) – кәсіптік жоғары немесе орта арнайы медициналық және фармацевтикалық білімі бар, медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органмен ауылдық жерге жұмысқа жіберілген жеке тұлғалар.

3. Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау (бұдан әрі-әлеуметтік қолдау) ауылдық жерге кемінде бес жыл мерзімге жіберілетін мамандарға әлеуметтік кепілдік ретінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын біржолғы көмек болып табылады.

4. Әлеуметтік қолдау алу құқығына жұмыс берушімен еңбек шартын жасасқан күннен бастап алғашқы бес жылда еңбек міндеттемесін нақты орындайтын жас маман немесе шақырылған қызметкер ие.

Осы бес жылдық кезеңге қызметкердің жалақысы сақталмайтын демалыста, бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалысы, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақпен расталған екі айдан артық уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі кірмейді.

5. Әлеуметтік қолдау Атырау қаласының аумағындағы ауылдық округтерде тұратын және жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне көрсетілмейді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысын өтеуден босатылатын адамдарға қолданылмайды.

6. Қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады және қызметкермен еңбек шарты жасалғаннан кейін оның өтініші негізінде екінші деңгейлі банкте ашылған оның дербес шотына аудару арқылы төленеді.

2. Әлеуметтік қолдау шараларын қабылдау тәртібі

7. Уәкілетті органның жолдамасы бойынша жұмыс беруші Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес қызметкермен еңбек шартын жасасады.

8. Уәкілетті орган қызметкерді өндірістік қажеттілікке байланысты ауылдық жерде орналасқан медициналық және фармацевтикалық ұйымдардың арасында ауыстыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, қызметкердің әлеуметтік көмек алу құқығы сақталады.

Мұндай жағдайда басқа ауылдық жерде орналасқан медициналық және фармацевтикалық ұйымға ауысқаны үшін әлеуметтік қолдау қайта көрсетілмейді.

9. Қызметкердің не жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарты уақытынан бұрын бұзылған жағдайда, жұмыс беруші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға жазбаша өтініш беру арқылы бұрын аударылған бюджет қаражатын облыстық бюджет кірісіне қайтару жөнінде шаралар қабылдайды.

10. Жұмыс беруші қызметкердің әлеуметтік қолдау алу құқығынан айырылған сәттен бастап (еңбек шартын бұзған жағдайда) 10 жұмыс күннен кешіктірмей бұл туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

11. Осы тәртіптің орындалуын бақылауды уәкілетті орган іске асырады.